

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Абай. Қалың елім қазағым: Шығалмалары.- Алматы, Жалын,-1995 ж.
2. Құнанбайұлы, Абай Шығармалар. – Алматы: «Мөр» МШК, 1994.- 415 б.
3. Абишев К.С., Теміров Н.Б. Қазақтың ұлттық спорт түрлері.–Алматы: 2014.-139 б.

Бақытжан Б., академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, педагогикалық факультеті, БӨЖС – 21 тобы, студент
(*Ғылыми жетекші – п.ғ.к., доцент Манабаева А.Ш.*)

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖОБА КӨРКЕМ ЕНБЕК САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ

Қай халықтың да өнеріне, бейнелеу мәдениетіне байыптап көз салсақ, сол халықтың әсемдік талғамы мен танымына, эстетикалық көзқарасына орай белгілі бір өнер түрінің басым дамып отырғанына көз жеткіземіз. Осы тұрғыдан алғанда ою-өрнек өнері – қазақ халқының өмір тіршілігінде айрықша орын алып, ғасырдан ғасырға, ұрпақтан ұрпаққа жалғаса дамып келе жатқан өнер түрі десек те болады.

Ою деген сөзбен өрнек деген сөздің мағынасы бір. Бұл сөздің ұғымында бір нәрсені ойып, кесіп алып жасау немесе екі затты оя кесіп қиюластырып жасау, бір нәрсенің бетіне ойып бедер түсіру деген мағына жатады. Қазақ көбінесе бір өрнекке салып қиып алған үлгіні, үлгіге салып кескен сырмақтың қиығын, сондай-ақ барлық қошқар мүйіз өрнектердің де ою дейді. Ал өрнек дегеніміз әр түрлі ою, бедер, бейненің, күйдіріп, жалатып, бояп, батырып, қалыптап істеген көркемдік түрлердің, әшекейлердің ортақ атауы іспеттес. Сондықтан көбінесе ою-өрнек деп қосарланып айтыла береді.

Тәуелсіз мемлекеттер Одағының елдері бойынша ою - өрнектің шығу тегі, дамуы, симантикасы, жасау техникасы, құрылысы, классификациясы, қолданылуы жөніндегі деректер, зерттеулер халықтық тарихы, этнографиясы, фольклоры, қолөнері тұрғысынан жарық көрген біраз еңбектер қарастырылған. Қазақ халқының ою-өрнек өнерінің шығу тегі ежелгі тас дәуіріне келеді.

Міне сол кезеңдегі бұйымдарда бейнеленген белгі таңбалардың 17-19 ғасырдағы қазақ халқының қолөнерінде кездесетін ою - өрнектерге өте ұқсас екендігі ғалымдардың еңбектерінде дәлелденген.

Саңғыру қорымынан қазып алынған қым ыдыстарында бейнеленген крест бейнесі, дөңгелектер қазақтардың киіздеріне салынатын өрнектерді еске түсіреді. Қарқаралы алқабының Шортанды бұлақ қонысынан табылған айшық түймелер, жылқының сүйегінен ойып жасалған ромб, үшбұрыш тәрізді өрнектер қазақ халқының кейінгі дамыған қолөнер туындыларында жиі қолданылады.

«Қошқар мүйіз» - қазақ халқының ең байырғы оюларының бірі, қазірде қолөнер туындыларының барлық түріне салынады.

Осы оюдың Андронов мәдениеті ескерткіштерінде бейнеленгендігі жөнінде Қ.Ақылов: «Қазіргі қазақтар мен андроновтық тайпалар арасын 3000 жылдан астам уақытшымылдығы бөліп тұр» - дейді.

Орталық Қазақстанның үлкенді-кішілі Нұра, Талды, Шерубай өзендерінің жағалауларынан Андроновтық тайпалардың мекен-тұрақтары табылған. Табылған заттар Қыш-құмыраларда андроновтықтар «қошқар мүйіз» өрнегімен ыдыс-аяқ бетін әшекейлесе, қазақтар әр түрлі бұйымдарды, үй жиһаздарын безендірген [1].

Пазырық қорғанынан табылған, біздің заманымыздан бұрынғы 2 мың жылдықта жасалынған кілемдер, тұскиіздер, құмыралар, әшекей заттардағы ою - өрнектер үлгілері андронов мәдениетінде қалыптасқан.

Осындай жұмыстарды орындау барысында оң нәтиже алуға ықпал ететін шығармашылық жобалар болып табылады.

Шығармашылық жобалардың оқушылардың белсенділігін арттыруда қолдану мәселесін қарастырған Н.А. Краля [2]. Ол өз зерттеуінде оқу жобаларын оқушылардың оқу іс-әрекетін белсендіретін құралы ретінде оның мәнін, маңызын, құндылығын қара

стырады. Жобалаудың кезеңдері жасалып, жобаны жүзеге асырудың ерекшеліктері зерттелген. Онда тәжірибелік-бағдарлы, зерттеушілік, ақпараттық, шығармашылық деп топтастырады.

Оқушылардың шығармашылық қабілетін, шеберлігін, бейнелеушілігін дамыту және өз бетінше орындайтын жұмыстарының деңгейін көтеру үшін жобалау әдістерін қолдану қазіргі кезде тиімді әдістердің бірі. Бұл әдістің негізгі міндеті жұмыс істей алатын, өзінің алдына үлкен сарамандық міндеттер қойып, зерттеушілікпен айналысуға ықпал ететін, оны орындай білетін адамды тәрбиелеу болып табылады.

Жобалау әдісі әлемдік педагогикада түбегейлі жаңа болып табылмайды. Жобалар әдісі өткен ғасырдың басында АҚШ-та пайда болды. Ол сондай-ақ проблемалар әдісі деп аталды және ол американдық философ және педагог Дж. Дьюи жасаған философия мен білім берудегі гуманистік бағыт идеяларымен байланыстырылды. Дьюи, сондай-ақ оның оқушысы У.Х. Килпатрик [3].

Дж. Дьюи оқушының мақсатты қызметі арқылы белсенді негізде оқытуды құруын ұсынды. Осы жерде нақты өмірден алынған, бала үшін таныс және маңызды мәселе маңызды, оны шешу үшін алған білімін қоса беру қажет. Мұғалім жаңа ақпарат көздерін ұсына алады, ал оқушылардың ойын өз бетінше іздеу үшін қажетті бағыт көрсете алады, белгілі бір білім сомасын игеруді болжайтын белгілі бір мәселелерге балалардың қызығушылығын ынталандыра алады және бір немесе бірнеше мәселелерді шешуді көздейтін жобалық іс-әрекет арқылы алынған білімді іс жүзінде қолдануды көрсете алады. Басқаша айтқанда, теориядан практикаға, оқытудың әрбір кезеңінде тиісті тепе-теңдікті сақтай отырып, академиялық білімді прагматикалық біліммен біріктіру.

Оқытудың жобалық әдісі кезінде оқушылардың білімін игеру және іскерлігін игеру жобаны орындау барысында, оқушыларды жобалау, іске асыру және рефлексия процестеріне қосу арқылы жүзеге асырылады. «Оқу жобасы» - оқушының жас ерекшеліктеріне сәйкес және жобалаудың жалпылама алгоритміне сәйкес орындалған өзіндік, шығармашылық, аяқталған жұмысы: идеядан бастап оны іске асыруға дейін. Оқушының жоба бойынша жұмыс нәтижесі жаңа өнім, нақты тәжірибе немесе өз бетінше алған білім болып табылады.

Жобалаудың міндеті-оқушылардың зияткерлік және жалпы еңбек білімі жүйесін қалыптастыру, түпкі тұтыну пәндері мен қызметтерге негізделген іскерліктер мен дағдыларды қалыптастыру, шығармашылық қабілеттерді, бастамалар мен дербестікті дамытуға ықпал ету. Жобалық тапсырмаларды орындау барысында оқушылар әр түрлі іскерлікті меңгеруі тиіс (әрине, жыныстық және жеке ерекшеліктеріне байланысты табыстылықтың әр түрлі деңгейі болады). Оларға келесі ақыл-ой және практикалық іс-әрекеттерді мағыналы орындау жатады:

- тапсырманы қоюды, оқу тапсырмасының мәнін, құрдастарымен және оқытушымен өзара іс-қимыл сипатын, орындалған жұмысты немесе оның бөліктерін ұсынуға қойылатын талаптарды түсіну;
- соңғы нәтижені жоспарлау және оны вербалды түрде ұсыну, яғни қиялсыз оқушылар өзіне және «Мен қалаймын...»;
- іс-қимылдарды жоспарлау, яғни кезеңдерге кететін уақыт шығындарының болжамды бағаларымен олардың бірізділігін анықтау, уақыт, күш, құралдар бюджетімен билік ету;
- жобалаудың жалпыланған алгоритмін орындау;
- бұрын қабылданған шешімдерге түзетулер енгізу;
- жобалаудың әрбір кезеңінің нәтижелері мен проблемаларын сындарлы талқылау, көмек туралы сындарлы сұрақтар мен сұрауларды қалыптастыру (кеңестер, қосымша ақпарат, жабдықтау және т. б.);
- техникалық суреттер, схемалар, эскиздер, сызбалар, макеттер көмегімен ойларды, конструктивтік шешімдерді білдіру;
- дербес іздеу және қажетті ақпаратты табу.

Жобалау әдісі оқушының дербестігін, оның жеке басының барлық салаларын дамытуға ықпал етеді, білім беру процесінде оқушының субъектілігін қамтамасыз етеді, демек, жобалық оқыту оқушылардың танымдық әрекетін белсендіру құралы, білім беру процесінің сапасын арттыру құралы ретінде қарастырылуы мүмкін.

Мектеп біліміндегі жобалау әдісі қазіргі уақытта сынып-оқу жүйесіне балама ретінде қарастырылады. Бірақ осы істе мол тәжірибесі бар елдердің мамандары жобалық оқыту осы жүйені және оқытудың басқа да әдістерін ығыстырмауы тиіс екенін ескертеді. Оқу жобалауын оқушылардың өзіндік практикалық іс-әрекеті ретінде қарастыру керек. Сипаты бойынша бұл эксперимент, бағыты бойынша – өндірістік қызмет, міндеттері бойынша – оқыту және тәрбиелеу.

Оқушыға ең алдымен жоба және шығармашылық ұғымдарының мағынасын түсіндіру

қажет. Жоба (түсіндірме сөздігінің анықтамасы бойынша) – жасалуға, қайта құрылуға, қалпына келтірілуіне тиісті ғимараттар мен қондырғылардың әзірленген жоспары.

Шығарма – мәні мен маңызы бойынша мәдени, материалдық жағынан жаңа құндылықтар, өз бетінше соны, бірегей туындылар жасау.

Шығармашылық жоба дегеніміз оқушылардың жаңа, іздеушілік ой-желісі бойынша айрықша бұйымдар, өнімдер, модельер, конструкциялар жасауы, құрауы [4].

Оқушылар жобалар жасатуға олардың бейімділігі мен қызығушылығы, психофизикалық қабілеттері есепке алынады. Ол алдын ала үздіксіз бақылау, үйрету, тестілеу және сұрақтар жүргізу арқылы анықталады. Бұл мұғалім үшін табылмас мағлұматтық қор болып табылады. Жобаның тақырыбын анықтауға байланысты да белгілі бір күрделілік туады. Көбінесе бала өз күшін бағалай алмауы себепті, алдына қойған жоспарды орындай алмайтындай көрінеді. Сондықтан мұғалім қай тақырыптағы жобаны қай оқушы орындай алатынын білуі тиіс. Оқушыға жоба тақырыбын ұсынудан бұрын, шеберхананың материалдық-базасының мүмкіндігі сол тақырыпқа сәйкес келетінін анықтауы қажет, өйткені жобаны жеке оқушы емес, ұжым болып та орындауы мүмкін. Оқушылардың тақырып таңдауына мұғалім өз оқушысының мүмкіндік, қабілеттерін жақсы білгендіктен, оған лайықты тақырыпты ұсына біледі. Педагог қолда бар жабдықтарды, құралдар мен материалды пайдаланады, оқушыларға, олардың ата-аналарына көмектеседі. Жобаны жүзеге асыруға қатысатын ата-аналарға ақыл кеңес, бағыт-бағдар бере отырып, жобаның орындалуы жобалық іс-әрекетті ұйымдастыруға сәйкес шешіледі. Ойға алған, мақсат етіп қойған міндеттерлі жүзеге асыру үшін жоспардың дәл, нақты құрылуы талап етіледі. Оқушылардың жеке жұмысы жөніндегі шығармашылық жобалауды орындау сұлбасы төмендегідей:

- бұйымның эскизі (алдыңғы түрі, артқы түрі) симметриялығының, көркемдік-конструкциялық сызықтардың болуы міндетті;

- сызба конструкция. Бұл конструкция негізінде өз алдына жеке орындалған модельдеу немесе сән журналы бойынша өзінің параметрлеріне салып түзетілген дайын пішім. Оқушылар шығармашылық жобаға арналған пішімдерді дайындау тәсілдерін, модельдерді, оларға қосымша – бас киімдерді, белдіктерді, әшекейлерді өз бетінше таңдауға ерікті;

- дайындау технологиясы. Оқушылар бейтаныс технологиялық әдіс-тәсілдерді өз бетінше және мұғалімдердің көмегімен үйренеді, кейбір күрделі міндеттерді шешу кезінде белгілі бір технологиялық түйіндерді үлгіге қарап орындаудың операциялық картасы дайындалады;

- пішім 1:1м есебімен;

- дайын бұйым;

- шығармашылық жобаны орындау барысында пайдаланылған әдебиеттер тізімі.

Оқушылар өз жобасының қорғалуы және бағалануы үшін жобалау жұмыстарының кезеңдерін қамтитын барлық материалды көрсетуі тиіс. Бұйымды дайындау жөніндегі шығармашылық жобаны қорғауда модельер көрсетілуі және ауызша немесе жазбаша сұрақтарға жауаптар берілуі мүмкін. Жобамен жұмыс істеу сатысы 1 кестеде, ал оның жүйелі тәртібі 2 кестеде көрсетілген.

Оқушылардың шығармашылық іс-әрекетіне арналған білім, іскерлік, дағдыларды қалыптастыру, сол бағыттармен ақпараттандыру – мұғалімнің міндеті.

Кесте 1

Жобамен жұмыс істеу сатысы

Жаңа ақпараттарды игеру кезеңі	Жобамен жұмыс істеу сатысы	“Сабақтарды” ұйымдастыру түрлері
Себебі, мақсат болжамы	Мақсат қою	Әңгіме, әңгімелесу, лекциясы
Жоспарласу	Варианттарды талқылау	Әңгімелесу
Болжамды, іс-әрекеттерді ойластыру	Өз бетінше білім алу	Дербес жұмыс
Нақты іс-әрекеттің және операциялардың қызметі	Қызмет барысын ойластыру	Семинар (ақыл)
Формасы	Зерттеу	Дербес жұмыс, практикum, экскурсия сарамандық, лаборатория жүргізу
Рефлексия	Жинақтау және тұжырым жасау	Семинар ақыл-кеңес
Бағалау	7 Табыстар мен қателерді талдау	Әңгімелесу, ақыл – кеңес
Түзеу	8 Түзеу	-

Оқушылар өз қолымен өңдеу жұмыстарында өздерінің идеяларын және ойларын жүзеге асырады, бұл процесте мұғалім кеңесші қызметін атқарады, сонымен оқушыларды нақты бір бұйымды тігуге ғана емес, кез-келген модельерді орындауға, оның орындалуы жөнінде технологиялық жоспар құрастыру үшін модельдеу жұмыстарын өз бетінше орындауға үйретіледі.

Кесте 2

Жобамен жұмыс істеудің жүйелі тәртібі

Жобамен жұмыс істеу сатысы	Осы сатыдағы жұмыстың мазмұны	Оқушылардың қызметі	Мұғалім қызметі
1	2	3	4
Даярлық	Жобаның тақырыбы мен мақсатын анықтау	Пәнді мұғаліммен бірге талқылайды, мұғалімнен өзіне қажетті ақпараттарды алуға тырысады. Мақсат белгілейді.	Жоба жасаудағы негізгі амал жолдарды белгілеп, оқушылар бағыттайды. Мақсат анықтауға көмектеседі.
Жоспарлау	а) Ақпарат деректерін анықтау ә) Ақпарат жинау және талдау тәсілдерін анықтайды б) Нәтижесін ұсынудың тәсілін (есеп формасы) анықтайды в) Процедурасын және процесті және нәтижесін бағалау критерийлерін белгілеу. Команда мүшелері қызмет міндеттер бөлу.	Жұмысқа кірісу жоспарын жасайды, міндеттерін шығарады.	Идеялар ұсынады. Ұсыныстар айтады.
Зерттеу	Ақпараттарды жинау, аралық міндеттерді шешу. Негізгі құралдар: интервью, сұрақтар, бақылаулар, эксперимент.	Аралық міндеттерді шешу арқылы зерттейді	Бақылайды кеңес береді. Қызмет барысын атқарады.
Нәтижелер немесе тұжырымдар	Ақпараттарды талдау. Тұжырымдар шығару.	Ақпараттарды талдайды.	Бақылайды, кеңес береді.
Ұсыну және есеп беру	Нәтижелерді, ұсыныстарды (есепті) ұсынудың мүмкін түрлері. Ауызша есеп беру, материалдар көрсетілімімен бірге ауызша, жазба түрінде есеп беру.	Есеп береді, талқылайды.	Тыңдайды қатардағы қа – тысушы ретін –де мақсатын шешуге арнал –ған сұрақтар қояды.
Процесс пен нәтижені бағалау		Ұжымдық талқылау және өзін-өзі бағалау жолымен қатысады.	Оқушылар күшін дерек – терді пайдалану сапасын мүмкіндік есептік сапасын перспективті бағалайды.

Жобалау функциясы– берілген курстың мақсатын және оған жету жолдарын, нәтижелілігін жобалаумен байланысты. Оқыту процесінде алынатын білімді терең меңгеруге, оны белсенді колдануға айрықша назар аударылуы тиіс. Мұндай жағдайда білім мазмұлы адамзат жинақтаған бішім мен тәжірибенің жетістіктерінен көз жазбай қоғамдағы өзгерістерге де унемі бейімделіп отыруы қажет.

Жобалау жұмыстары ғылыми арнайы, анықтамалық әдебиеттермен, конструкциялық альбомдармен және технологиялық процестермен, бұйым үлгілерімен қамтамасыз етілуге тиіс. Жобалық жұмыстар үшін ақпарат алудың маңызы зор. Сондықтан оқушылардан мерзімдік әдебиеттерден бастап электрондық пошталарға дейін ізденуді талап ету қажет. Қазіргі

балалардың компьютерді игеруі олардың ақпараттарды іздестіру жұмыстарын жеңілдетеді [5].

Шығармашылықтық жобаладағы еңбек ету әрекеті жаңа ақпараттар алудың дерек көзі, Танымдық қызығушылыққа ынталандырушы күші, шеберлік пен дағдыны дамыту тәсілі болуға тиіс. Жобалау әдісін жүзеге асыруда мектептің оқу-материалдық базасы, мұғалімді жан-жақты даярлау, уақыттың көп бөлігін оқушылар мен жеке жұмыс жүргізуге жұмсау сияқты мәселелердің шешімін табу қажет.

Оқушылардың таным қабілеттері сынып өмірінде оқушылардың өндірістік бригадаларында байқалады. Егер таным әрекеттері еңбектің дағдылары оқушының бойында қалыптасса, ол мектепті бітіргеннен кейін қандай бір жағдайда болмасын танымдық қатынастар нормаларын және жолдастық өзара көмекті әр уақытта қолдайды. Еңбек мәдениеті дағдыларын дамыту басты мәселелердің бірі. Еңбек мәдениетінің дағдыларының көрсеткіші; жұмысты сапалы және тиімді істеу, уақытты ұтымды пайдалану, еңбек құралдарына түрлі материалдарға құнттылықпен қарау. Еңбек мәдениетіне өзін көрсете біл, дербестік, еңбектің демалыс пен қабысуы, алдағы жұмыстың негізгі кезеңдерін белгілей білу, еңбек процесін талдау және іс құжаттарын сауатты жасау жатады.

Қолөнерді үйрету үшін көркем еңбек сабағының мазмұнында бірнеше қолөнер түрлері - ағаш жону, метал өңдеу, кесте тігу, тоқыма тоқу, т.б. тақырыптар қарастырылған. Көркем еңбек сабақтарында ұлттық қолөнерге үйретуде оқушылардың өндірістік үрдістер туралы түсінік қалыптастыру үшін, оларға жалпы технология мен техникалардың ғылыми негізі туралы төмендегідей мағлұматтарды беру қажет:

- техникалық, химиялық, биологиялық энергетикалық және басқа базалық тәсілдердің еңбек затына ықпалының мәні.

- құю, қысыммен өңдеу, пісіру, дәнекерлеу, т.б. кең тараған.

Сонымен, жобалау қызметі келесі әрекеттер жүзеге асырылады:

- өзін-өзі барабар бағалауды дамыту, оң мен-тұжырымдаманы қалыптастырады (қызықты жұмыс тәжірибесі және оның нәтижелерін көпшілікке көрсету);

- коммуникативтік және ақпараттық құзыреттілікті, басқа да әлеуметтік дағдыларды дамытады;

- кәсіптік бағдар беру міндеттерін шешеді.

Жобалық қызметті академиялық білімді оқушылардың нақты өмірлік және тіпті тұрмыстық тәжірибесіне айналдыруға мүмкіндік беретін мектеп жұмысының бірнеше түрі ретінде қарастыруға болады.

Сәндік-қолданбалы өнерде ою-өрнекке үлкен мән беріледі. Ою-өрнек бұл өнердің жеке бір саласы болғанымен негізінен, бұйымдарды көркемдеудің, әшекейлеудің мәнерлік құралы болып саналады. Ою-өрнектің түрлері мен үлгілері сан алуан, бірақ ол жеке дара өмір кеше алмайды, тек бұйымдарды әшекейлеуге қатысып, сол бұйыммен бірге адам өмірінің сұлулығына үлес қосады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Тәжімұратов М. Сәндік –қолданбалы өнері Алматы: Өнер. 1987
2. Краля Н.А. Метод учебных проектов как средство активации учебной деятельности учащихся: Учебно-методическое пособие. 2005.
3. Килпатрик У.Х. Метод проектов. Применение целевой установки в педагогическом процессе. - Л.,1925.
4. [Электронды ресурc]: <https://infourok.ru/metodicheskiy-material-tvorcheskiy-proekt-948411.html> (дата обращения 12.02.2020)
5. [Электронды ресурc]: https://infourok.ru/zhobalau_zhne_zertteu_zhmynsyn_yymdastyrudy_negzg_aidalagy-436851.htm (дата обращения 14.02.2020)